

Н.Д. Сұлтанбаева*  **З. Шадкам** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: nur.sultanbayeva@gmail.com

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ШЫҒЫС ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ПАЛЕОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Палеографияның зерттеу бағыты қолжазбалар, құжаттар мен хаттарда қолданылған жазу үлгілері мен каллиграфиялық ерекшеліктерін талдауға бағытталған. Палеографияның міндеттерінің ішінде қолжазбалардағы жазу стильдерінің тарихын, олардың графикалық формаларының даму кезеңдерін, жазба жәдігердің жазылу уақыты мен авторын анықтау болғандықтан, кодикология саласымен тығыз байланысты. Сонымен қатар бұл сала алғашқы куфа жазуынан бастап заманауи каллиграфиялық кескіндемеге дейінгі әртүрлі формалардағы жазу стильдерін де қарастырады.

Каллиграфиялық стильдер тек көркемдік безендіру үшін ғана емес, сонымен қатар жазылған уақыттағы қоғам мен мәдениеттің өзіндік келбетін көрсету құралы ретінде қолданылды. Демек, жазу стильдерінің көмегімен сол кезеңнің тарихы мен мәдениеті туралы мәлімет алуға мүмкіндік бар. Бұл зерттеу шығыс қолжазбаларының жазу дәстүріне назар аудара отырып, XV–XVII ғасырлардағы жазба жәдігерлерінің жан-жақты палеографиялық сипаттамасын ұсынады. Оның ішінде шағатай және парсы қолжазба мәдениетіне бағытталып, сонымен қатар османлы жазу дәстүрінен алынған мысалдар келтіріледі. Қазіргі уақытқа дейін араб-парсы каллиграфиясы, османлы қолжазба мәдениеті жайында көптеген құнды еңбектер мен зерттеулер жасалуда. Дегенмен, ортағасыр Орта Азия мәтіндеріне тән палеографиялық ерекшеліктері, әсіресе олардың каллиграфиялық, эстетикалық дәстүрлері мен жазушы тәжірибелері жайлы ғылыми еңбектер салыстырмалы түрде аз зерттелген. Осыған байланысты, бұл мақалада шағатай қолжазбаларының негізгі каллиграфиялық және материалдық ерекшеліктерін айқындауды мақсат етіп, оларды парсы және османлы жазба дәстүрлерінің қалыптасқан үлгілерімен салыстырмалы түрде қарастырамыз. Мақала барысында әртүрлі өңірлік дәстүрлерге тән ортақ және айрықша белгілер мысалдар арқылы талданып, шығыс қолжазбалары арасындағы өзара ықпалдастық мәселелері де кешенді түрде көрсетіледі. Әдістемелік тұрғыдан бұл зерттеу салыстырмалы палеографиялық талдауларды қолданады.

Мақалада сандық қолжазба қорынан алынған, атап айтқанда, Түркия Жазба Ескерткіштер мекемесінің цифрлық кітапханасынан және ҚР Ұлттық кітапханасы Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынған бейнелер арқылы нақты мысалдар келтіріліп, парсы және шағатай тілдерінде жазылған жазба жәдігерлердің жазу стильдері көрсетіледі.

Түйін сөздер: каллиграфия, палеография, кодикология, шығыс қолжазбалары, жазу стильдері, көркем жазу өнері.

N.D. Sultanbayeva*, Z. Shadkam

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: nur.sultanbayeva@gmail.com

Paleographic Description of Medieval Eastern Manuscripts

Paleography focuses on the analysis of writing styles and calligraphic features applied in manuscripts, documents, and letters. Its primary aim is to investigate the history of various writing styles found in manuscripts, trace the stages of development of their graphical forms, and determine the date and authorship of written artifacts. Therefore, it is closely connected with the discipline of codicology. Paleography examines writing styles in various forms, ranging from the earliest Kufic script to contemporary calligraphic painting.

Calligraphic styles have served not only decorative purposes but also functioned as a means of reflecting the cultural and social identity of the society in which they were produced. Thus, through the study of writing styles, it is possible to gain insights into the history and culture of a given period. This

study provides a comprehensive paleographic description of written artifacts from the fifteenth to the seventeenth centuries, with particular emphasis on the writing traditions of Eastern manuscripts. The research focuses primarily on Chagatai and Persian manuscript culture, while also incorporating selected examples from the Ottoman writing tradition. To date, numerous valuable studies have been conducted on Arabic-Persian calligraphy and Ottoman manuscript culture. However, the paleographic characteristics of medieval Central Asian texts, especially their calligraphic and aesthetic traditions and scribal practices remain relatively underexplored. In this regard, the present article aims to identify the main calligraphic and material characteristics of Chagatai manuscripts and to examine them in a comparative framework alongside the established models of Persian and Ottoman manuscript traditions. Throughout the study, common as well as distinctive features characteristic of different regional traditions are analyzed through concrete examples, and issues of mutual influence among Eastern manuscript cultures are presented in a comprehensive manner. Methodologically, the study employs a comparative paleographic approach and codicological analysis.

Specific examples are provided based on digital manuscript collections, notably the digital library of the Turkish Manuscripts Institute and the Rare Books and Manuscripts Collection of the National Library of the Republic of Kazakhstan. These examples illustrate the writing styles of manuscript artifacts composed in Persian and Chagatai.

Keywords: calligraphy, paleography, codicology, Eastern manuscripts, writing styles, artistic writing.

Н.Д. Сұлтанбаева*, З. Шадкам

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: nur.sultanbayeva@gmail.com

Палеографическая характеристика средневековых восточных рукописей

Палеография как научная дисциплина направлена на анализ письменных стилей и каллиграфических особенностей, использованных в рукописях, документах и письмах. Одной из ключевых задач палеографии является изучение истории различных письменных стилей, представленных в рукописях, выявление этапов развития их графических форм, а также определение времени создания и авторства письменных памятников, в связи с чем она тесно связана с кодикологией. Палеография также рассматривает письменные стили в различных формах от раннего куфического письма до современной каллиграфической живописи.

Каллиграфические стили служили не только декоративным целям, но и выступали инструментом отображения культурного и социального облика общества своего времени. Таким образом, посредством анализа стилей письма можно получить сведения о культуре и истории соответствующего периода. Данное исследование предлагает палеографическую характеристику письменных памятников XV–XVII веков, уделяя особое внимание письменной традиции восточных рукописей. Работа преимущественно ориентирована на чагатайскую и персидскую рукописную культуру, а также включает отдельные примеры из османской письменной традиции. До настоящего времени выполнено множество ценных работ и исследований по арабо-персидской каллиграфии и османской рукописной культуре. Однако палеографические особенности средневековых текстов Средней Азии, особенно их каллиграфические и эстетические традиции, а также практики писцов, изучены сравнительно мало. В связи с этим в данной статье ставится цель определить основные каллиграфические и материальные особенности чагатайских рукописей и рассмотреть их в сравнительном аспекте с устоявшимися образцами персидской и османской письменных традиций. В ходе исследования анализируются общие и специфические черты, характерные для различных региональных традиций, приводятся конкретные примеры, а также комплексно раскрываются вопросы взаимного влияния между восточными рукописными культурами. Методологическое исследование использует сравнительный палеографический анализ.

Приводятся конкретные примеры на основе цифровых коллекций рукописей, в частности, из библиотеки Института рукописей Турции и из фонда Редких книг и рукописей Национальной библиотеки Республики Казахстан. На их основе демонстрируются стили письма письменных памятников, выполненных на персидском и чагатайском языках.

Ключевые слова: каллиграфия, палеография, кодикология, восточные рукописи, стили письма, художественное письмо.

Кіріспе

Орталық Азия бойынша жазба әрі ауыз әдебиеті ретінде саналатын шағатай тілі XV ғасырдан бастап кең таралып, көптеген классикалық еңбектердің негізгі түркі тілі болып саналды. Шағатай тіліне қатысты жалпы және кең мағынада қолданылатын анықтамаларды келтіре аламыз. Жалпы алғанда, нақты шағатай тілінің қалыптасуын XV ғасырмен байланыстыруға болады. Бұл кезең Шыңғыс ханның (1226-1242 жылдары билік еткен) ұлы Шағатай хан және оның ұрпақтары билік жүргізген аймақпен сабақтас. Дәл осы өңірде Әлішер Науаи (1441-1501) сынды әйгілі ақын түркі халықтарының сөйлеу тілін парсы тілімен қатар қолданылатын ортақ әдеби тіл деңгейіне дейін көтерді. Осы кезеңде Әмір Темір әулетінің тағы бір өкілі, Үндістанда Моғолдар әулетінің негізін қалаған Захир ад-Дин Мұхаммед Бабыр (1483-1530) өз өмірбаяны сипатталған «Бабырнама» атты әйгілі шығармасын шағатай тілінде жазды. Бұл туынды ислам және әлем әдебиетінің классикалық үлгілерінің бірі болып саналады. Науаи мен Бабырдан кейінгі кезеңде Орталық Азияның қазіргі Шыңжаң (Қытай) аймағынан Осман империясына дейінгі кеңістік шеңберінде көптеген ақындар мен прозашылар шағатай тілінде қалам тербеді. Осы мағынада «шағатай тілі» деген ұғым түркі-парсы жоғары мәдениетіне негізделген әдеби шығармашылық кеңістігін білдіреді.

Кең мағынада «шағатай тілі» деген ұғым XIV ғасырдан бастап XX ғасырдың 50-жылдарына дейінгі кезеңде араб-парсы жазу жүйесінде жазылған шығыс түркілік тілдік нұсқалардың тұтас бір жүйесін қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, шағатай тілін Орталық Азияда кеңінен қолданылған *lingua franca* ретінде қарастыруға болады. Көне түркі жазба дәстүрінен кейін пайда болған қараханид тілі бір кезеңде барлық түркі жұртына ортақ жазба тіл рөлін атқарды. Қараханидтер мемлекеті құлаған соң, бір жағынан хорезм тілі, екінші жағынан қыпшақ тілі кең тарала бастады. Бұл екі тіл өтпелі сипатта болғандықтан, XIV ғасырдың соңына қарай Әмір Темірдің Орта Азияны біріктіруімен бірге олардың орнын шағатай тілі басты. XV ғасырдан бастап бұл тіл Әмір Темір, Шайбани, Бабыр әулеттері мен Хиуа және Қоқан хандықтарының ресми мемлекеттік тіліне айналды (Шадкам & Базаркулова, 2016).

Көптеген аймақтарда шағатай түркі тілі парсы тілімен қатар қолданылса, кейбір өңірлерде одан да басым болды. Жазба тілі де, сөйлеу тілі сияқты, аймақтар арасында біршама айырмашылықтарға ие болғанымен, түрлі кеңістікте және уақыт ішінде әртүрлі оқырмандар мен тыңдаушылар үшін өзара түсінікті болып қала берді. Мұндай кең ауқымды тілдік сабақтастық халықтың бұл тіл туралы айтылуынан да көрініс табады: жазу мен сөйлеуде олар бұл тілді «түркі», яғни «түркілер тілі» деп атаған (Schluessel, 2018: 24). Ауызекі түркі тілі Навойдің әдеби мұрасымен және Темір әулеті дәуіріндегі кеңсе жазбаларының дәстүрімен тығыз байланыста болды. Осылайша, бұл тіл ғасырлар бойы әртүрлі мәтін түрлерін жазуда ортақ әдеби норма ретінде қызмет етті. Сондықтан біз тек шағатай поэзиясы мен прозасы туралы ғана емес, шағатай тіліндегі әртүрлі жанрадағы құжаттар туралы да сөз ете аламыз.

Палеография тарих ғылымдарының бір саласы ретінде алғаш француз бенедиктиндік монахы Жан Мабиллонның (1632-1707) 1681 жылы жарық көрген «*De re diplomatica*» еңбегінен бастау алады. Сол үшін де бұл еңбек палеографияның іргетасын қалаушысы ретінде бағаланады (Déroche, 2005). Бұл еңбек Батыс Еуропа қолжазбаларына, оның ішінде латын тіліндегі жазба деректер, құжаттар мен хаттарға арналған және олардың түпнұсқалығын анықтау, жазылған уақыты мен хатшылық тәжірибені зерттеу мақсаты көзделген. Ал Бернар де Монфокон (1655-1741) өз еңбегінде палеографиялық әдісті грек қолжазбаларын зерттеу мақсатында кеңейткен. Осылайша, палеография саласы бастапқыда латын және грек тілдерінде жазылған жазба жәдігерлерін зерттеу негізінде Еуропада қалыптасты.

Араб және парсы жазба деректерін зерттеуде палеографиялық әдістердің қолданылуы кейінірек жүзеге асты. Еуропалық ғалымдар, арабтанушылар мен шығыстанушылар (ориенталистер) палеография әдістерін араб, парсы, осман түркі жазуы және өзге де исламдық қолжазбалар үшін қолдана бастады. Ислам жазу өнері кейбір деректерде араб әріптеріне негізделгендіктен «араб каллиграфиясы» деп те аталады. Дегенмен, «ислам каллиграфиясы» термині анағұрлым орынды атау болып саналады, өйткені бұл термин әртүрлі ұлттық мәдениеттерге тән мұсылман каллиграфтарының барлық еңбектері

мен жазба деректерін қамтиды, мәселен, парсы немесе осман жазулары, сондай-ақ ортағасырлық Испаниядағы эл-Андалус аймағынан бастап Қытайға дейінгі аймақтарда пайда болған жазба ескерткіштері.

Ислам дәуірінің алғашқы кезеңінде жазудың екі түрі қалыптасты, олар кең таралған әрі қолданысқа енген жазу үлгілері болды. Аталған екі жазу түрінің бірі куфа жазуы. Ол б.з. VII ғасырдың соңында дами бастады, негізгі пішіні төртбұрышты, шеттері үшкір немесе бұрышты болып келеді. Бұл стиль қасиетті Құран Кәрімнің тұңғыш қолжазбаларын көшіруде алғаш рет пайдаланылды. Кейінірек дәл осы жазу үлгісі ислам мемлекеттері тұрғызған сәулет ескерткіштерін көркемдеу мақсатында да кеңінен қолданылды.

Ал екінші жазу үлгісі насх жазуы, пішіні дөңгелек әрі ағыны еркін, икемді сипатта болды. Бұл жазу стилі көбінесе ресми немесе іскерлік құжаттар мен хаттарда кеңінен қолданылды, себебі ол жеңіл әрі жылдам жазуға ыңғайлы болды. Дөңгелек пішінді насх стилі тарихи кезеңдер бойы үздіксіз ислам әлемінің барлық өңірлерінде қолданыста болып келді.

Шағатай түркі тілінде бірнеше жазу стильдері қолданылған. Жоғарыда көрсетілген екінші жазу түрі насх стилі де қолданылған. Мәтіндер парсы-араб графикасымен жазылып, олардың ішінде насх және насталиқ сияқты жазу стильдері кеңінен қолданылған. Бұл стильдер парсы және араб каллиграфиялық дәстүрлерінен бастау алып, Орта Азия халықтарының мәдениеті мен ерекшеліктеріне икемделе отырып дамыған. Мақаламызда Орта Азияда шағатай түркі тілімен жазылған қолжазбаларда қолданылған жазу стильдеріне тоқталып, Түркиядағы Сүлеймание сандық кітапханасында сақталған жәдігерлерден мысалдар келтіретін боламыз. Сонымен қатар, Шағатай тіліндегі қолжазбаларда қолданылатын негізгі каллиграфиялық стильдерді анықтауға, жіктеуге және салыстыруға бағытталған палеографиялық әдіс қолданылады. Жазу түрлеріне типологиялық талдау арқылы зерттеу қолжазба дәстүрінің стильдік вариациялары мен аймақтық ерекшеліктерін қадағалауға бағытталған.

Әдістеме және әдебиеттерге шолу

Палеография көне грек тілінен енген «ежелгі, маңызды жазу» деген мағынаны

білдіреді. Француз шығыстанушысы, палеографы Франсуа Дероштың анықтамасы бойынша, «палеография көне құжатты немесе жазу жүйесін оқу және жазылу уақытын анықтаумен айналысатын ғылым не өнер саласы» (Déroche, 2005, 205). Сонымен бірге, ғалымның айтуы бойынша, араб әріптерімен жазылған қолжазбаларды зерттеуде палеография кодикологиядан бөлек ажыратыла алмайды (Gasek, 2009: 184). Демек, кодикология жазба жәдігерлердің физикалық ерекшеліктерін, ал палеография қолжазбалардағы жазу стильдері, әріптердің ерекшеліктері мен түрлі каллиграфияның даму кезеңдерін зерттейді.

Палеография термині осы ғылыми саланың қалыптасуымен шамалас уақытта пайда болған. Алғашқылардың бірі болып, бұл терминді француз бенедиктиндік ғалым Бернар де Монфокон өзінің «*De Palaeographia Graeca*» (*Грек палеографиясы туралы*) атты 1708 жылы жарық көрген кітабының атауында қолданған. Алайда, палеография бұл аталған кітап жарық көргенге дейін де мәлім тәжірибе болған. Ежелгі қолжазбаларды оқу немесе көшіру ісі оқырман мен көшірушінің ерте жазу үлгілерін тәжірибелік тұрғыдан білуін талап еткен. Мұндай жазуды тану қабілетінің болғандығын кейінірек жазылған қолжазбаларда табылатын оқырман ескертпелері арқылы дәлелденеді (Déroche, 2005: 206). Жалпы алғанда, көне қолжазбаларды оқып-түсіну аса күрделі техникалық білімді талап етпеген. Әсіресе араб және мұсылман каллиграфтарының стандартты тәжірибесінде қысқартуларды сирек қолдануы (және ол да көбінесе мәтіннің шетінде ғана) қолжазбаларды оқудағы көптеген қиындықтарды болдырмады, тіпті жазу стилі өзгерген күннің өзінде де. Қысқаша айтқанда, қолжазбаларды оқу үшін көбіне көп тілді жақсы меңгеру жеткілікті болған. Бұл ережеден тыс жағдайлар ретінде, оқуды қиындатқан себептерге: өте нашар жазылған мәтіндер және ұқсас әріптерді ажыратуға көмектесетін нүктелер қолданылмаған мәтіндерді айта аламыз. Олар көбінесе асығыстықпен немесе жеке пайдалану үшін жазылған еңбектер болуы мүмкін.

Көне қолжазбалармен айналысатын мамандардың ең жиі кездесетін мәселелерінің бірі ескі жәдігердің жазулы уақыты мен шығарылған жерін анықтау болып табылады. Палеография саласын осы мәселені шешуші жолы деп те атай аламыз. Себебі, жазу стилі,

ондағы әріптердің өзгерістері мен өзгешеліктері, мәтінде қолданылған лигатуралар мен қысқартулар арқылы еңбектің жазулы уақыты мен жерін анықтау мүмкіншілігі туады. Сонымен бірге, палеография белгілі бір жазу стилінің түрлі аймақта әртүрлі нақышта өзгерістерге ұшырауын, уақыт өте ескі жазу түрлерін жаңа каллиграфиялық стильдермен алмасуын, өзгерістерге жергілікті мәдениет, саясат пен діни наным-сенімдердің ықпалын зерттейді.

Жалпы мұсылман елдерінде араб-парсы әріптерімен жазылған қолжазбаларға батыс ғалымдарының жазған көптеген құнды еңбектері бар. Мысалы, жоғарыда көрсетілген Франсуа Дерош, «*Islamic Codicology: An Introduction to the Study of Manuscripts in Arabic Script*» (2006) (Ислам кодикологиясы: Араб жазуындағы қолжазбаларды зерттеуге кіріспе), «*The Art of the Qur'an: Treasures from the Museum of Turkish and Islamic Arts*» (2016) (Құран өнері: Түрік және ислам өнері музейінің қазыналары) секілді еңбектердің авторы болса, Макгилл университетінің профессоры, ислам кодикологы және палеографы Адам Гацек соңғы жылдары осы салада шығарылып жатқан маңызды еңбектердің авторы: «*Arabic Manuscripts: A Vademecum for Readers*» (2009), (Араб қолжазбалары: Оқырмандарға арналған анықтамалық), «*The Arabic Manuscript Tradition: A Glossary of Technical Terms and Bibliography*» (2008) (Араб қолжазбалары дәстүрі: Терминдер сөздігі мен библиография) және т.б. Бұл еңбектер жеке бір ғана тілде жазылған қолжазбаларды емес, жалпы араб-парсы әріптерімен жазылған еңбектерге шолу жасайды, кодикологиялық және палеографиялық зерттеулер арқылы, мәтіні мен сыртқы физикалық ерекшеліктеріне байланысты талдаулар мен анықтамалар береді.

Ислам және парсы каллиграфиясын ғылыми тұрғыдан қалыптасуына үлкен үлес қосушы ғалымдар Аннемари Шиммель және Шейла С. Блэр еңбектері ерекше ықпал етті. Қазіргі таңда жасалып жатқан палеографиялық зерттеулердің негізгі теориялық базасы осы ғалымдардың еңбектері негізінде деп айта аламыз. «*Calligraphy and Islamic Culture*» (1990) (Каллиграфия және ислам мәдениеті), «*Islamic Calligraphy*» (1992) атты еңбектері парсы мәдениеті және жалпы ислам өркениетіндегі қолжазба стильдерін символдық, рухани және эстетикалық қырларын терең түсіндіреді.

Шиммель каллиграфия тек графикалық жазу құралы ғана емес, сонымен бірге діни тәжірибемен, әдеби әрі жергілікті дәстүрмен тығыз байланыстырады, әрбір әріптің түрлі жазу стильдеріндегі ерекшеліктеріне, айырмашылықтарына баса назар аударып, ерекше мағына ұсынады. Заманауи палеографиялық зерттеулер контекстінде Шейла Блэр «*Islamic Calligraphy*» (2008) еңбектері араб, парсы және османдық каллиграфиялық дәстүрлердің тарихи дамуын, қолжазба өндірісінің сипаттары мен аймақтық стильдік айырмашылықтарын кодикологиялық және палеографиялық деректер арқылы талдайды. Осылайша, Шиммельдің мәдени-интерпретативті көзқарасы мен Блэрдің тарихи-материалдық әдіснамасы ислам әлеміндегі каллиграфиялық тәжірибенің дамуын түсіндіретін әрі толықтыратын теориялық негіз қалыптастыра алады.

Ортағасыр Орта Азияда жазу әрі сөйлеу тілі ретінде қолданылған шағатай тілінде жазылған еңбектерге мағыналық, тілдік және лингвистикалық тұрғыдан жасалған талдаулар мен зерттеулер аз емес және жылдан жылға даму үстінде. Дегенмен, палеография және кодикология жағынан шағатай түркі тіліне жасалған зерттеулер саны елімізде және шетелде де саусақпен санарлық. Соңғы жылдарда Орта Азияда кеңінен қолданылған ескі түркі тілі, тарихы мен даму кезеңдеріне деген қызығушылық артуда, зерттерлер жасалу үстінде. Бұл зерттеулер қолжазбалардың физикалық жағынан да маңызды мәліметтерге ие екендігін әрі құнды деректерді ұсынатындығын дәлелдеуде.

Мақаламызда араб-парсы қолжазбаларына палеографиялық талдаулар жасаған негізгі ғылыми еңбектері көрсетілді. Негізгі бөлімінде Орталық Азияның жазба тілі ретінде қалыптасқан шағатай қолжазба мәдениетін негізге ала отырып, парсы және османлы жазу дәстүрлерімен салыстырмалы палеографиялық талдау жүргізу әдіснамасына негізделеді. Талдау барысында жазу түрлерінің типологиясы, әріп формалары және құрылымы жүйелі түрде сипатталады. Шағатай, парсы және османлы жазба деректерінде қолданылған жазу түрлерінің атаулары мен жіктелуі (насх, насталик, сүлүс, шекаста, мұхаққақ жазу стильдері) салыстырмалы түрде талданып, әрбір жазу үлгісінің функционалдық ерекшеліктері айқындалды. Әсіресе шағатай жазу дәстүріне парсы жазу мәдениетінің тигізген ықпалын,

насталиқ жазу үлгісінің таралуын, тек физикалық тұрғыдан ғана емес, стилистикалық жағынан бейімделуі мен каллиграфиялық модельдердің қабылдануы тұрғысынан назар аударылды. Сүлеймание сандық жазба деректер қорынан (Süleymaniye Yazma Eser kütüphanesi), сонымен бірге ҚР Ұлттық кітапханасы сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынған бейнелер мысал ретінде көрсетілді.

Нәтижелер мен талқылау

Парсы жазуының қалыптасу кезеңі араб жазуының кеңеюі және ислам өркениетінің дамуымен тығыз байланысты. VII ғасырдан кейін аймақта ислам діні тарағаннан кейін, парсы жазба мәдениеті Құран мәтіндері мен ресми құжаттарға алғашқы каллиграфиялық жазу стилі болып саналатын куфа жазуын қолданып бастады (Zahra, 2022). Уақыт өте келе, әсіресе IX–XII ғасырларда куфа жазуынан бөлек, басқа да сызықтары жұмсақ, курсивті стильде жазылатын *наسخ*, *сұлус* секілді каллиграфиялық жазу түрлері дамып бастады. Бұл өзгерістер әдеби қолжазбалар санының, жазу қолайлығына деген сұраныстың артуымен және көркемдік талғамның жетілуімен де байланысты болды. Осылайша, жергілікті мәдениетке тән, өзіндік парсы жазу дәстүрінің қалыптасуына себеп болды.

Шығыс жазушылары әртүрлі мақсаттар үшін түрлі каллиграфиялық стильдерді қолданған: кейбір стильдер ресми құжаттарға (мысалы, құқықтық келісімшарттар) көбірек сай келсе, басқалары безендірілген қолжазбалар үшін сәндік сипатта болған, ал енді біреулері күнделікті қолдануға (мысалы, хикаялық жазбаларға) арналған. Сонымен қатар, тек Құран Кәрімді жазуда ғана қолданылған жазу стильдері де болған. Шағатай түркі қолжазбаларының басым бөлігі *насталиқ* жазуымен жазылған, дегенмен *сұлус*, *наسخ* және *мұхаққақ* жазу үлгілері де кездеседі, ал кейбір хаттарда *шекаста* стилі де қолданылған (Amat, Dwyer, Eziz, Papas, & Sperberg-McQueen, 2018).


Шағатай әдеби тілі XV ғасырда дербес қалыптаса бастаған кезеңде, парсы әдебиеті өзінің классикалық қалыптасу дәуірінен өтіп, поэзиялық және прозалық жанрлардың барлық бағыттары бойынша даму тұрғысынан әлдеқашан шыңына жеткен болатын. Парсы

поэзиясының «Алтын ғасыры» шамамен X–XIII ғасырлардың басын қамтып, тек парсы әлеміне ғана емес, бүкіл Орталық және Оңтүстік Азия әдеби дәстүрлеріне терең ықпал еткен классикалық жазба жәдігерлері жасалды. Бұл кезеңде парсы поэзиясының негізін қалаушылардың бірі Рудаки (IX–X ғғ.), эпикалық дәстүрді кемеліне жеткізген, «*Шахнама*» (*Патшалар кітабы*) дастанының авторы Фирдоуси (X–XI ғғ.), сарай поэзиясының көрнекті өкілдері Унсури және Фаррухи (X–XI ғғ.), сондай-ақ көркем қисса жанрының теңдессіз шебері Низами Гәнжауи (XII ғ.), адамгершілік мазмұндағы проза мен ғазал поэзиясына дейінгі бай әрі жан-жақты әдеби дәстүрді Сағди (XIII ғ.) мен Хафиз (XIV ғ.) еңбектері қалыптастырған. XIV–XV ғасырларға қарай бұл кемелденген және жан жақты жүйеленген парсы әдеби ортасы Тимур әулеті дәуіріндегі Хорасан өңіріндегі зиялы қауым үшін басты мәдени-эстетикалық үлгіге айналды. Осындай ортада тәрбиеленген Әлішер Науаи (1441–1501) жас кезінен бастап парсы тілінде білім алды және поэтикалық дәстүрдің әсерімен өсті. Науаи шағатай тілін көрнекті әдеби тіл деңгейіне көтеріп, оны жоғары дәрежеге жеткізгенімен, оның шығармаларында Низами, Сағди және Хафиз мұраларымен терең байланысқан парсы поэзиясының жанрлық, стильдік, метафоралық және физикалық жүйесінде де парсы қолжазбаларының ықпалы кеңінен көрініс табады (Sirojiddinov, 2028: 27).

Ең кең тараған, сызықтары еркін, поэзия жазуға өте қолайлы жазу стилі *насталиқ* жазуы болды. *Насталиқ* نَسْتَعْلِیق – парсы жазуы Иранда 14 ғасырдан бастап, екі жазу үлгісінің негізінде дамыған: *наسخ* (نسخ) – араб тілінде «көшіру» деген мағынаны білдіреді, және *та'лиқ* (تعليق) – арабшада «ілінген» дегенді білдіреді, бұл оның көлденең сызықтарының ерекше ұзындығына байланысты аталған. Насталиқ жазуының пайда болуы сол кезеңде өмір сүрген Мир Әли Табризиге (шамамен 1360–1420) тиесілі деп санайды. Дегенмен, кейбір бұл кезеңге дейінгі қолжазбаларға кодикологиялық талдаулардың нәтижесінде бұл жазу түрінің бұрын да қолданылғандығын көрсеткен (Eidipour, 2022). Соған қарамастан, Мир Әли Табризи тарапынан насталиқ жазуының ережелері мен құрылымдық қағидаларының қалыптасуына, дербес жазу түрі ретінде дамуына, басқа да аймақтар ішінде кеңінен қолданылуына үлкен ықпал еткені анық.

1-сурет

Насталиқ стилі. Қолжазба атауы: Әл-Ғараибүс-Сығар / Al-Garâ'ibü's-Sığâr / الغرائب الصغرى. Авторы: Әлішер Науаи, Низаматдин Әли ибн Кішкені Бахадүр әл-Херауи, 2-бет. Шағатай тілінде, Түркия Жазба Ескерткіштер Мекемесінің сандық кітапханасынан алынған (Türkiye Yazma Eserler Kurumu Başkanlığı цифрлық қорынан).




Араб әлемінде насталиқ жазуы *парсы жазуы* «әл-хатт әл-Фәриси» деп аталды, ал османдықтар оны жиі *тә'лиқ* деп атаған. Ирандықтар болса *نستعلیق* насталиқ және хат әдебиетінде де *насталиқ* термині қолданылады. Құстың кең қанатын жаюға ұқсас көрінісімен нәзік, сәнді, қарапайым әрі үйлесімді болып саналатын бұл жазу түрі «Ислам жазуының келіні» *arûs-ı hutût* деген атпен де таралған (Alparslan, 2007). Стилдік айырмашылықтарына қарамастан, насталиқ жазуы жалпы алғанда бірқалыпты жазу бағытымен ерекшеленеді. Сөздер жолдың негізгі сызығына қарай еңкейе орналасады, көлденең сызықтар

әдетте өте ұзын болып келеді, ал жолдың соңындағы әріп немесе сөз жиі жоғарыға жазылады. Көптеген тә'лиқ түрлерінен айырмашылығы – бұл жазу sans serif шрифтімен, яғни әріптерінде өрнекті аяқтау элементтері болмайды. Әлиф әрпі, насх жазуымен салыстырғанда, насталиқ жазуында әлдеқайда қысқа, ал нун әрпі болса жартылай шеңберге немесе тостағанға ұқсайтын пішінге ие.

Низамидің Ләйлі Мәжнүн еңбегі насталиқ жазуымен жазылған. Тақырыпша болса «Дәрмуна-джат уә мурадат» (Мінажат пен тілек) сүлүс жазу стилімен жазылған. Әлішер Науаидің «Ләйлі – Мәжнүні» де (1485) насталиқ жазуымен жазылған.


2-сурет

Насталиқ стилі. Қолжазба атауы: «Ләйлі – Мәжнүн» (1188) / Leyla Vü Mecnun / لیلی و مجنون. Авторы: Низами Гәнжауи, 2-бет. Парсы тілінде, Түркия Жазба Ескерткіштер Мекемесінің сандық кітапханасынан алынған (Türkiye Yazma Eserler Kurumu Başkanlığı цифрлық қорынан).



3-сурет

Насталиқ стилі. Қолжазба атауы: «Ләйлі – Мәжнүн» / *Leyla Vü Mecnun* / لیلى و مجنون
 Авторы: Әлішер Науаи, 101-бет. Шағатай тілінде, Қазақстан Ұлттық кітапханасы,
 Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры. Тас баспа, Ташкент, 516 нөмірлі.



Насталиқ жазуының ықпалы жайлы Гацек «Насталиқ жазуы парсы мәдениетінің ықпалы жүретін аймақтарда – яғни парсы өркениет әлеміне кіретін елдерде таңдаулы жазу түріне айналды. Ол өзінің аймақтық нұсқаларында Моғолдармен Үндістанында да, Османлы Түркиясында да кеңінен қолданылды» – деп жеткізеді. Шиммель болса, (1990) Хорасандағы Тимур әулетінің құлдырауынан кейін Иран, Орта Азия және Үндістан аумағында насталиқ жазуының түрлі өңірлік нұсқалары қалыптасқанын алға тартады. Мысалы, Османлы Түркияда насталиқ жазуының негізгі стиліне қарағанда, ені бойынша екі-үш есе қалың түрде жазу қолданылған. Оны *celi nesta'lik* яғни қалың насталиқ деп атаған (Alparslan, 2007). *Джели насталиқ* қолжазбалармен бірге тақта жазбаларда да қолданылған, Османлы хат мектебінде XVIII ғасырда Дурмушзаде Ахмед (1665-1717) және Кәтібзаде Мехмед Рәфй (қ.б. 1769) секілді көркем жазу шеберлері арқылы осы стильдің алғашқы әдемі үлгілері дүниеге келген.

Бастапқыда насталиқ жазуы парсыларда поэзия, ғашықтық немесе мистикалық дастандарды көшіру үшін қолданылған. Алайда хижраның IX / миләди XV ғасырдың соңына қарай бұл жазу *насах* жазуының орнына прозалық мәтіндерді көшіруде де қолданыла бастады. Насталиқ өте сирек жағдайда Құран мәтінін көшіруде пайдаланылған. Бұл жайлы Шиммель өз еңбегінде (1990), 1538 жылы Иран билеушісі әрі парсы каллиграфы Шах Тахмасп (1514-1576) насталиқ үлгісімен жаздырған Құран

қолжазбасы араб тіліндегі дәстүрлі нұсқалармен эстетикалық үйлесімге келе бермейтіндігімен ерекшеленедігін жеткізген.

Настилиқ сонымен қатар жеке мақсаттарда, монеталардағы жазуларда, мөрлерде, сиясауыттарда және басқа да заттарда, сондай-ақ сәулеттік жазулар мен каллиграфиялық альбомдарда (мұрақаларда) қолданылған (Gasek, 2009: 166). Насталик «парсы әлемінде» негізгі жазу үлгісіне айналған және қазірге уақытқа дейін көркем жазу өнері ретінде қолданылады.

Сүлүс ثلث – «үштен бір» деген мағына білдіретін көне араб каллиграфиялық жазуы. Сүлүс жазуы ислам каллиграфиялық дәстүріндегі ең көркем жазу түрінің бірі болып саналады. Бұл жазу XI ғасырда пайда болған және оны парсы текті Ибн Мұқла Ширази ойлап тапқан деп есептеледі. «Үштен бір» деген атауы әр әріптің үштен бір бөлігі қиғаш етіп жазылатын принципке негізделген. Бұл жазу – көлемді, көркем және ағынды сипаттағы курсив жазу, ол орта ғасырларда мешіттерді көркемдеуде жиі қолданылған. (Gasek, 2009: 274). Сүлүс негізінен Құран мәтіндерін көшіруде, көркем безендірулер мен сәулеттік жазбаларда қолданылған. Османлы каллиграфтарының тарапынан жиі қолданыста болған, әсіресе, Шейх Хамдулла (15 ғ.) мен Хафиз Осман (17 ғ.) арқылы жетілдіріліп кеңінен қолданылған, кейінірек Сами Эфенди (1838–1912) одан әрі белсенді дамуына әсер еткен ықпалды көркем жазу шеберлері болған.

Сүлүс атауы хат әдебиетінде **сүлүс** атауымен, парсыларда **ثلث**, заманауи түрікшеде *süliis*, ал ағылшын тіліндегі әдебиеттері мен ғылыми мақалаларда *thuluth* терминімен белгілі. Сүлүс жазуы ерте дәуірдегі куфа жазуының кейбір элементтерін өзіне алды: Құран

сүрелерінің атауларын, діни жазбаларды, сұлтандардың атақтары мен эпиграфтарын жазуда пайдаланылды. Сонымен қатар, XIII ғасырдан бастап жасалған Құранның көлемді көшірмелерінің көбісі дәл осы сүлүс жазуымен жазылған (*Thuluth script*, Энцикл. Britannica).

4-сурет

Сүлүс жазуы. Қолжазба атауы: *Нәхжүл-Фарадис / Nehcü'l-Ferâdis / نهج الفرديس*
 Авторы: Махмұд ибн Әли әл-Хорезми, 1-бет. Шағатай тілінде, Түркия Жазба Ескерткіштер Мекемесінің сандық кітапханасынан алынған (*Türkiye Yazma Eserler Kurumu Başkanlığı* цифрлық қорынан).



Мұхакқақ жазуындағы сияқты, бұл жазу стилінің ең көзге көрінетін ерекшелігі және екі жазудың айырмашылығын айқындайтын белгі – әріптердің төмен түсетін бөліктерінің (жазу сызығынан төмен түсетін сызықтардың) пішінінде жатыр. Мұнда *жим, ра, син, сад, гайн, мим, нун* сияқты әріптердің көпшілігі жазу сызығынан едәуір төмен түсіп, олардың төменгі бөлігі жоғары қарай иіледі. Ал кейбірінің құйрықтары келесі әріппен жіңішке сызықтар арқылы жалғасады.

Шағатай тілінде сүлүс жазуы көлемі мен күрделілігіне байланысты, сәндік және көркемдік мақсатта, михраб пішінді безендірілген бірінші беттегі тақырыпшалар мен «бисмиллә» жазу үшін қолданылған.


Насх نسخ жазуы – «көшіру» немесе «көшірме жасау» деген мағынадағы «насаха» етістігінен туындайды. Бұл жазу хижраның IV/ миләди X ғасырында пайда болған. Алғашында кіші және орта көлемдегі Құрандарды көшіру үшін қолданылған. Алайда XI ғасырдан бастап негізінен Құраннан тыс мәтіндерді көшіруде қолданыла бастады (Gasek, 2001). Осы уақыттан бастап насх жазуы әртүрлі жергілікті нұсқаларға бөлініп дами түсті, және бұл өзгерістер XIII ғасырда айқын байқалды. Дәл осы кезеңде

Бағдадтан шыққан атақты каллиграф Якут әл-Мустағсими араб жазуының алты түрін (الأقلام الستة) ресми әрі стандартты үлгі ретінде бекіткен уақыт болып саналады. Сол секілді, Каир мен Дамаскіде билік құрған мәмлүктер де өздерінің каллиграфиялық дәстүрін қалыптастырып жатқан еді.

Якуттық (Yāqūtī) дәстүрде насх жазуы иілмелі – сүлүс жазуымен жұптаса қолданылған болса, мәмлүк дәстүрінде ол түзу сызықты – мұхакқақ жазу түрлерінің қатарына жатқызылды. Ирандық насх көбінесе *риқә* ‘ немесе насталик жазуынан әсер алған. XII/XVIII ғасырда насх жазуына, каллиграф Ахмад Найризи өзіндік сипат беріп, осы жазу стилі халық арасында «Найризи насхы» деп атала бастады. Жалпы алғанда, Найризи насхы салыстырмалы түрде ірі өлшемде жазылып, жоларалықтары кең болған (Gasek, 2009: 164). Ирандық каллиграфтар секілді, османлы түрік каллиграфтары да бұл өңірде бұрын қолданылған насх жазуын жетілдіріп, сәнді деңгейге жеткізген. Сүлүс пен насх жазуы мәтіндік және көрнекілік мақсатта ең жиі қолданылатын жұп ретінде қалыптасты. Бұл екі жазу стилі нәзік, сымбатты әріптерімен және әріптердің солға қарай сәл еңіс болуымен ерекшеленді.

5-сурет

Насх жазуы. Қолжазба атауы: Тәржіме-и Жил Хадис (Қырық хадистің аудармасы) / Terceme-i Çihil Hadis / ترجمه چهل حدیث. Авторы: Әлішер Науаи, Низаматдин Әли ибн Кішкене Бахадүр әл-Херауи, 14-бет. Шағатай тілінде, Түркия Жазба Ескерткіштер Мекемесінің сандық кітапханасынан алынған (Türkiye Yazma Eserler Kurumu Başkanlığı цифрлық қорынан).



Насх жазуы парсыларда نسخ, түріктерде *nesih* терминімен белгілі. Жоғарыда көрсетілгендей, насх жазу стилі бүкіл ислам әлемінде кеңінен қолданылған және өңір мен жергілікті мәдениетке байланысты әрқилы ерекшеліктерге ие болған. Жалпы, насх жазуының басты ерекшеліктерінің бірі және қисық пішінді насталиқ жазуынан айырмашылығы, әріптерінің түзу әрі кітап бетінің негізгі сызығына сай тік орналасуы. Соңғы мим әрпі тік төмен түспей, сәл солға қарай қисая жазылды.

Мұхаққақ محقق – жазуы хижраның IV / миләди X ғасырдың соңында пайда болып,

V/XI ғасырдың басында дамыды. Ал VII/XIII ғасырда бұл жазу қолжазбалық мәтіндерге арналған негізгі жазу үлгісіне айналды (Gasek, 2009: 160). Мұхаққақ сөзінің аудармасы «нақты, анық, жоғары деңгейде орындалған» мағынасында. Сол үшін де бұл жазу стилі аты көрсетіп тұрғандай, оқылуы өте оңай, анық, әріптері үлкен көлемді әрі шебер безендірілген түрде жазылады. Мұхаққақ көбінесе ірі көлемдегі Құрандарды көшіру үшін қолданылды. Қаламның өлшемі ірі болғандықтан, хәрекелерді түсіру үшін басқа, көбіне көк түсті сиясы бар бөлек қалам пайдаланылған.

6-сурет

Мұхаққақ жазуы. Яқут әл-Мустағсими көшірген Құранның қос беті. Бағдат, 1282/1283. Халили Ислам өнерінің жинағынан. Фатиха сүресі және Бақара сүресінің 1-5 аяттары.



Мысырдан шығысқа қарай ислам елдерінде қолданылған жазу түрінде әлиф әрпі тік жазылып, төменгі ұшы (табаны) жіңішкеріп біткен, ал кейбір дереккөздер оның ұзындығы жетіден тоғызға, тіпті он ромб тәрізді нүктеге дейін жеткенін айтады (Gasek, 2009: 161). Мұхаққақ стиліне тән тағы бір ерекшелік – бұл ләм-әлиф әріптерінің жазылуында. *Ләм-әлиф әл-мұхаққақ* бойынша әлиф және ләм әріптерінің жоғарғы жағында оңға иілген ілмектері бар, осы жазу стиліне сай келетін және Шығыс ислам елдеріндегі қолжазбаларда жалғыз форма ретінде кеңінен қолданылған түрі. Алайда, әсіресе мәмлүк дәуіріндегі Құран қолжазбаларында, сирек болса да *ләм-әлиф әл-уаррақия* (ل) түрі де кездеседі. Бұл түрінде негізі үшбұрыш пішінді болып келеді, ал әлифтің жоғарғы бөлігі тік орналасады.

Мұхаққақ термині араб және парсы тілдерінде محقق, түрік тілінде *muhakkak* терминімен белгілі. Мұхаққақ ең әдемі және ең күрделі көркем жазу түрлерінің бірі болып саналды. Дегенмен, X/XVI ғасырдан кейін Османлы Түркиясында да, Иранда да мұхаққақ пен райхан жазуларының қолданылуы тоқтап, олардың орнына насх жазуы кең тарай бастады (Gasek, 2009: 162).

Шекаста شکسته – «сынған» деген мағынаны білдіреді. Бұл жазу үлгісі кейде «*Шекаста Насталиқ*» – *сынған насталиқ* деп те аталады. Атауы бұл жазудың насталикті тез жазу қажеттілігінен туындап, сол негізде Сефевидтер дәуірінде XI (XVII) ғасырларда қалыптасқандығы айтылады (Alparslan, 2007). Шекастада насталиқ жазуының әріптері қаламның жылдам әрі ағынды қозғалысына бейімделіп өзгертілген, әрі оның құрамында насталиқ пен талиқ жазуының элементтері үйлескен.

Шекаста жазуы үшін араб-парсы тілдерінде شکسته, түрікшеде *şikeste nesta'lik* терминдері қолданылады. Насталиқ жазуындағы сияқты, шекаста да «Sans Serif» (тік сызықты, өрнектерсіз) жазу үлгісіне жатады. Шекастаның басқа да айқын ерекшеліктеріне мыналар жатады:

- әріптердің еркін байланысуы (лигатуралар);
- әріптердің бірігуі немесе қысқаруы;
- логографтардың болуы (бүтін сөзді білдіретін таңбалар) – олардың көпшілігін жеке-жеке жаттап үйрену қажет;
- сондай-ақ, дыбыстық белгілердің (хәреке) сирек қолданылуы немесе олардың орындарының ауысуы (Gasek, 2009: 249).


7-сурет

Шекаста жазуы. Қолжазба атауы: Фақрнаме / Fakrname / فقرنامه

Авторы: Қожас Ахмет Ясауи, 9-бет. Шағатай тілінде, Түркия Жазба Ескерткіштер

Мекемесінің сандық кітапханасынан алынған (Türkiye Yazma Eserler Kurumu

Başkanlığı цифрлық қорынан).



Әріп пішіндері тұрғысынан алғанда, шекаста жазуында соңында қайырылған (кері иілген) ілмекпен жазылатын *нун* әрпі және ұзын, иілмеген соңғы *йә* әріптерімен ерекшеленеді. Шекасте жазуының хат алмасуға арналған нұсқалары болған, олар *хатт-и тарасул* және

хатт-и тахририй (*хатт-и тахрир*) деп аталған (Gasek, 2009: 249).

Парсы қолжазбаларының көпғасырлық қалыптасу тарихы мен көркемдік-эстетикалық байлығы олардың бүкіл аймақтағы жазба мәдениеттерге терең әсер етуіне мүмкіндік

берді. Ерте ортағасырлық Иранда қалалық мәдениеттің орнығуы, кітап өндіру орталықтарының дамуы, медреселердегі жүйелі білім беру мен каллиграфиялық мектептердің кәсіби деңгейінің жоғары болуы нәтижесінде парсы қолжазба дәстүрі айрықша өркендеді. Парсы каллиграфиясының нәзік пропорциялары, қатаң канондары, хат түрлерінің құрылымдық тұтастығы және бет әрлеу техникасының дамуы оның халықаралық деңгейде беделін арттырып, көрші өңірлердегі жазба мәдениеттердің даму бағытына ықпал жасады. Осы себепті және тарихи-мәдени байланыстардың тығыз болуына байланысты парсы жазу дәстүрі Орта Азияға және Османлы Түркиясына да тікелей әсер етті.

Османлы мемлекетінде бұл ықпал өзіндік көркемдік синтез арқылы жаңа деңгейге көтерілді. Қала мәдениеті мен сарай ортасының жоғары дамуы, көркем өнерге қолдау көрсететін мемлекеттік құрылымдардың болуы және дарынды хатшылар мен каллиграфтардың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан дәстүрлері Османлы каллиграфиясын әлемдік деңгейде ерекше эстетикалық құбылысқа айналдырды. Мұнда насх, сүлүс, тәлик, дивани, рейхани сияқты хат түрлері жетілдіріліп, алтынмен, түрлі-түсті минералды бояулармен, жоғары сапалы қағазбен безендірілген сәнді қолжазбалар кең тарады. Жазу техникасының күрделілігі мен сәндік элементтердің үйлесімділігі Османлы қолжазбаларының шын мәнінде «алтын ғасыры» ретінде танылуына негіз қалады.

Осы кезде, XV ғасырда, парсы және османлы әдебиеті классикалық деңгейге жеткен шақта, шағатай тілі Орталық Азиядағы негізгі әдеби жазба тіл ретінде қалыптаса бастады. Бұл үрдістің басты себептерінің бірі – парсы тілінің аймақ зиялылары үшін негізгі ғылым және әдебиет тіліне айналуы еді. Медреселерде білім парсы тілінде берілді, әдеби дәстүрлер парсы классикалық канондарына сүйенді, сондықтан Шағатай тілінің қалыптасуында парсы тілінің лексикалық, стилистикалық және каллиграфиялық әсері айрықша күшті болды. XV-XVI ғасырлардағы шағатай қолжазбаларында парсы жазу дәстүріне тән бет композициясы, әріп пропорциясы, насх және талик элементтерінің үйлесімі, көркем безендіру тәсілдері мен қағаз сапасы анық байқалады. Бұл жағдай Орталық Азиядағы түркі жазба мәдениетінің дербес

дамумен қатар, аймақаралық мәдени алмасулар нәтижесінде байып отырғанын дәлелдейді. Шағатай қолжазбалары осылайша парсы эстетикасы мен жергілікті дәстүрдің тоғысуынан туған ерекше мәдени-әдеби феномен ретінде қалыптасты.

Ең көркем араб каллиграфиялық стильдердің бірі болған мұхаққақ жазуы Орта Азия түркілері тарапынан да қолданылып, кейіннен жазу барысының күрделілігі мен уақыт шығыны себебінен сүлүс және насх жазуларымен алмастырылған. Сүлүс жазу стилі де қолжазбаның көркемдік мақсатына сай, тақырыпшалар мен бисмиллә жазу үшін насх немесе насталик жазуларымен бірге қолданылған. Бұл жазу стильдеріне қарап, Орта Азия халықтары XV ғасырдан кейін қолжазбалардың жазылу тиімділігі мен жылдамдығына, ыңғайлылығына көбірек мән берілгендігін байқай аламыз. Шағатай тілінде жазған ойшылдар мен ақындар, шығарманың және жазу түрінің эстетикасын оның тиімділігімен ұштастыруға тырысқан. Яғни, шағатай тіліндегі каллиграфиялық стильдер қарапайым, көркем әрі практикалық жағынан тиімді болған – жеңіл, жылдам жазуға ыңғайлы. Осылайша, бұл стильдердің көркемділік пен қарапайымдылықты үйлестіруі, шағатай қолжазба мәдениетінің өзіндік ерекшелігін айқындайды.

Қорытынды

Ислам діні бойынша тірі жан иелерінің суретін не кескінін салу мақұлданбаған іс-әрекет болып саналады. Сол үшін де қолжазбалардың ең маңызды элементі жазу стильдері тек жазу түрінде ғана емес, нағыз көркем өнер саласы ретінде дами түскен. Жетекші неміс шығыстанушысы Аннемари Шиммель каллиграфияны «исламның мәнін айқын бейнелейтін, ең жоғарғы шынайы өнер түрі» (Schimmel, 1990) деп сипаттап, оны ислам дінімен ажырамас байланыста екенін көрсеткен.

Парсы және шағатай жазба дәстүрлерінің өзара байланысы мен ықпалдастығы Орталық Азиядағы түркі қолжазбаларының қалыптасу үдерісін жан-жақты айқындай түседі. Парсы каллиграфиясының көпғасырлық тәжірибесі мен жоғары эстетикалық өлшемдері шығыс жазба мәдениеттері үшін негізгі үлгі қызметін атқарса, Османлы мектептері бұл дәстүрді одан әрі дамытып, әлемдік деңгейде бірегей көркемдік

жүйе қалыптастырды. Шағатай қолжазбалары осы ірі өркениеттік ортаның ықпалын бойына сіңіре отырып, түркі әлемінің әдеби-мәдени дамуына өзіне тән жаңа сипаттар әкелді. Шығыс қолжазбаларының материалдық-физикалық, каллиграфиялық және эстетикалық ерекшеліктерін салыстырмалы тұрғыдан талдау олардың пайда болуына негіз болған тарихи-мәдени процестерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы кешенді зерттеулер Орталық Азия жазба мұрасының әлемдік мәдениеттегі орнын айқындауға, сондай-ақ болашақ кодикологиялық және текстологиялық зерттеулерге ғылыми негіздің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Жүргізген зерттеулеріміздің нәтижесі ретінде, шағатай түркі тілінде ең көп қолданылған негізгі жазу түрі настикалық жазу стилі екенін және қолжазбалардың, әсемділікті қарапайымдылық пен тиімділікті үйлестіретін жазу стильдерімен ерекшеленетінін айта аламыз. Қорыта айтқанда, шағатай тіліндегі қолжазбаларда қолданылған каллиграфиялық стильдерді зерттеу осы аймақтың жазба мұрасының тілдік, мәдени және эстетикалық өлшемдері туралы құнды түсініктер береді. Шағатай тілінің тарихи дамуын және қолжазба жазуларды талдау әдісі ретінде палеографияның рөлін алдымен түсіну арқылы біз шағатай мәтіндерінің көрнекі болмысын қалыптастырған негізгі жазу стильдерін анықтауға және түсіндіруге жақсырақ дайын боламыз. Насх,

настикалық сияқты жазулар, сондай-ақ сұлус пен мұхаққақ элементтері сол уақыттағы каллиграфтардың техникалық тәжірибесі мен шеберлігін көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар Орталық Азия, Таяу Шығыс және жалпы ислам әлемі арасындағы кең ауқымды мәдени ықпалдастықты да айқын бейнелейді. Жазу типологиясы мен стильдік ерекшеліктерге негізделген бұл талдау шығыс тілдеріндегі қолжазбалар дәстүрінің зияткерлік және көркем кеңістігін қалпына келтіруде палеографиялық зерттеудің маңыздылығын тағы бір мәрте дәлелдейді. Мысалдар көрсету мақсатында, Түркия Жазба Ескерткіштер Мекемесінің сандық кітапханасынан және ҚР Ұлттық кітапханасы сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынған қолжазба бейнелерін қолдандық. Мақаламыз осы салаға қызығушылық танытушылар мен зерттеушілер үшін пайдалы мағлұмат болатындығына үміт етеміз.

Авторлар үлесі

1-автор: тұжырымдаманы әзірлеу, формалды талдау, зерттеу жүргізу, әдіснаманы әзірлеу, жобаны басқару, материалдарды жинақтау, мақаланың бастапқы нұсқасын жазу, мәтінді тексеру және редакциялау.

2-автор: деректерді жүйелеу, материалдарды жинақтау, зерттеу жүргізу, қаржыландыруды тарту, ресурстармен қамтамасыз ету, нәтижелерді визуализациялау.

References:

- Alashari, D. M., Hamzah, A. R., & Marni, N. (2019). *Islamic art and language as a source of inspiration leading to traditional Arabic calligraphy art*. UMRAN – International Journal of Islamic and Civilizational Studies, 6(3), 33–45. <https://doi.org/10.11113/umran2019.6n3.342>
- Al-Yahyai, F., Al-Amri, M., Heiba, E., & Mansour, H. (2019). Islamic Manuscripts Art in Arabic and Persian Schools: The Artistic and Aesthetic Values. *Art and Design Review*, 7, 89-114. <https://doi.org/10.4236/adr.2019.72009>
- Alparslan, A. (2007). «Nesta'lik», TDV İslam Ansiklopedisi, <https://islamansiklopedisi.org.tr/nestalik>.
- Amat, Akbar, Arianne M. Dwyer, Gülnar Eziz, Alexandre Papas, and C.M. Sperberg-McQueen. 2018. *A Handbook of Chaghatay manuscript transcription*. Lawrence, Kansas: Annotating Turki Manuscripts from the Jarring Collection Online (ATMO).
- Buzi, P., & Maniaci, M. (Eds.). (2015). Palaeography. In A. Bausi, P. G. Borbone, F. Briquel-Chatonnet, P. Buzi, J. Gippert, C. Macé, M. Maniaci, Z. Melissakis, L. E. Parodi, & W. Witakowski (Eds.), *Comparative Oriental Manuscript Studies: An Introduction* (pp. 267–277). Hamburg: COMSt. DOI: 10.5281/zenodo.46784
- Çakan, V. (2011, September 28). *Chagatai Turkish and its effects on Central Asian culture*. Osaka University Research Institute for World Languages Journal, (6), 143–158. Osaka University repository. <https://ir.library.osaka-u.ac.jp/>
- Déroche, F. (2005). *Islamic Codicology: An Introduction to the Study of Manuscripts in Arabic Script*. (D. Dusiinberre & D. Radzinowicz, Trans.; with contributions by A. Berthier, M. G. Guesdon, B. Guineau, F. Richard, A. Vernay-Nouri, J. Vezin, & M. I. Waley). London: Al-Furqan Islamic Heritage Foundation. (pp. 34, 49, 112). <http://doi.org/10.56656/100099.01>
- Eidipour, P. (2022). *World History Encyclopedia*. Retrieved from https://www.worldhistory.org/Nasta_liq/
- Gacek, A. (2009). *Arabic Manuscripts. A Vademecum for Readers*. Leiden & Boston, E.J. Brill, (*Handbook of Oriental Studies*). pp.184, 166, 164, 162, 249, 186. <https://doi.org/10.4000/beo.1078>

- Gacek, A. (2001). *The Arabic Manuscript Tradition: A Glossary of Technical Terms and Bibliography*. Leiden, The Netherlands: Brill. DOI:10.2307/3087568
- McNair, A. (2019, January 15). *Calligraphy*. In *Oxford Bibliographies*. Oxford University Press. <https://doi.org/10.1093/obo/9780199920082-0026>
- Шадкам, З., Базаркулова, Б.К. (2016). Шағатай тілі және оның даму кезеңдері. *ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы*, 74(4). <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz/index.php/1-vostok/article/view/780>;
- Шадкам, З., Қыдырбаева Ү.Т. (2019). *Шағатай тіліне кіріспе: Оқу әдістемелік құралы*. Қазақ университеті баспа үйі. Thuluth script // Encyclopaedia Britannica. – URL: <https://www.britannica.com/art/thuluth-script>;
- Sirojiddinov, S., (2018). *Mir ‘Alī Shīr Navā’ī the Great*. Tashkent: The Creative House named after G‘afur G‘ulom.
- Schimmel A. (1990). *Calligraphy and Islamic Culture*. London: I.B. Tauris. (pp. 24–25). <https://dn790001.ca.archive.org/0/items/CalligraphyAndIslamicCulture-AnnemarieSchimmel/Calligraphy%20and%20Islamic%20Culture.pdf>
- Schluessel, E. (2018). *An Introduction to Chaghatay: A Graded Textbook for Reading Central Asian Sources*. Published in the United States of America by Michigan Publishing, pp. 10-14. <https://doi.org/10.3998/mpub.10110094>
- Zahra, F., Shahir, S., (2022). CHARACTERISTICS OF ISLAMIC CALLIGRAPHY: *NASTA‘LŪQ*, PERSIAN CALLIGRAPHY INFLUENCES ON MUGHAL ARCHITECTURE OF 17TH CENTURY. (pp. 83-105). *Hamdard Islamicus Vol. XLVI, No. 2*. <https://doi.org/10.57144/hi.v46i2.657>
- Zhang, J. (2024). *The aesthetic connotation of ancient calligraphy*. *Journal of Contemporary Educational Research*, 8(6), 116–120. <https://doi.org/10.26689/jcer.v8i6.7198>

Авторлар туралы мәлімет:

Сұлтанбаева Нұргүл Дәулетқызы – докторант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, түріктану және шығыс елдерінің тарихы кафедрасы (Алматы, Қазақстан, e-mail: nur.sultanbayeva@gmail.com).

Шадкам Зубайда – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, түріктану және шығыс елдерінің тарихы кафедрасы (Алматы, Қазақстан, e-mail: zubaida.68@gmail.com).

Information about the authors:

Sultanbayeva Nurgul – PhD Student at the Department of Turkish Studies and History of Eastern Countries, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: nur.sultanbayeva@gmail.com).

Shadkam Zubaida – Candidate of Philological Sciences, Professor at the Department of Turkish Studies and History of Eastern Countries, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zubaida.68@gmail.com).

Сведения об авторах:

Сұлтанбаева Нургуль Даулетқызы – докторант кафедрасы тюркологии и истории стран Востока, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: nur.sultanbayeva@gmail.com).

Шадкам Зубайда – кандидат филологических наук, профессор кафедры тюркологии и истории стран Востока, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: zubaida.68@gmail.com).

Келін түсті 4 желтоқсан, 2025 жыл
Қабылданды 30 шілде, 2026 жыл